

■ ТАҒЗЫМ



ЖАЗУШЫҒА ҚҰРМЕТ

Қазақтың көрнекті жазушысы, қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты марқұм Сайын Мұратбеков ұзақ жыл тұрған Алматы қаласы Шевченко көшесіндегі 14/77 үйге қала әкімінің шешімімен ескерткіш тақта орнатылды. Жиынға көрнекті ақын Олжас Сүлейменов, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Марфуға Айтоқжина, Жазушылар одағы басқармасының Төрағасы Нұрлан Оразалин, қоғам және мемлекет қайраткері Әбілқим Әубәкіров, қоғам қайраткері Нұртілеу Иманғалиұлы, Медеу ауданы әкімінің орынбасары Ғани Айдарұлы қатысып, сөз сөйледі.

Жиын соңында Сайын Мұратбековтың әруағына бағышталып ас беріліп, көпшілікке «ҚазАқпарат» баспа-корпорациясынан биыл шыққан әңгімелер жинағы таратылды.

■ ХАБАРЛАНДЫРУ

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты төмендегі лауазымдарға конкурс өткізу туралы

■ ҚҰРМЕТ

«АҚЫЛДЫ ҚАРИЯ — АҒЫП ЖАТҚАН ДАРИЯ!»



I қазан — Халықаралық қарттар күніне орай Алматы қаласы, Жетісу ауданы №9 Оқушылар үйінің директоры Алдакеев Дүйсенбай мырзаның бастамасымен «Ақылды қария — ағып жатқан дария» атты №3 Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығындағы қарияларға құрмет көрсетілді. Мерекелік іс-шара барысында №9 Оқушылар үйінің жас өнерпаздары мен педагогтары — Аққалқа Арыстанқызы жетекшілік ететін «Назқоңыр» домбырашылар ансамблі, Күлшара Әбиденнова жетекшілік жасайтын «Айжұлдыз» би тобы, Айдана Құралбекқызы жетекшілік жасайтын «Нұр шуақ» театр үйірмесінің мүшелері «Сен менің жанарымның ішіндесін» композициясын сахналады.

Азаматтық сектордың қайырымдылық-гуманитарлық жобасы аясында өткен шарала Дүйсенбай Сұлтанұлы қарттарды арнайы мерекесімен құттықтап, игі тілегін жеткізді. Ал №3 «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының» тұрғыны Дариға Бейіс өнерпаз жастар мен ОҰ-нің ұжымына қариялардың атынан үлкен рахметін айтты.

■ АБАЙТАНУ

Абай ұлылығын тануға, танытуға деген ұмтылыс Абай өлген күннен бері әлі күнге тоқталмай жалғасып келеді. Осындай ниетпен туған еңбектердің бір парасы — «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығы. Бұл кітаптарды баспаға дайындаушы ғалымдар көптомдықтың маңызы туралы айтып берген еді. Жоба әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бағдарламасы бойынша орындалды.

Рухани құндылықтардың дербес қоры



Абайтану ғылым саласы, оқу пәні ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде қалыптасты. Абайтанудың ғылым саласы, оқу пәні ретінде дамуының барлық кезеңдерінде осы университеттің

тиісті міндеттердің бірі абайтану ғылымының дербес ғылыми-ақпараттық базасының негізін жасау болатын. «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдығын дайындау осы міндетті іс жүзіне асыру мақса-

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты төмендегі лауазымдарға конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялайды:

- 1) Физика-математика факультетінің деканы;
- 2) Жаратылыстану факультетінің деканы;
- 3) Филология факультетінің деканы;
- 4) Педагогика-гуманитарлық факультетінің деканы;
- 5) Кәсіптік-шығармашылық факультетінің деканы;
- 6) Кешкі оқыту және дайындық факультетінің деканы;
- 7) “Информатика” кафедрасының меңгерушісі;
- 8) “Қазақ тілі мен әдебиеті” кафедрасының меңгерушісі;
- 9) “Орыс тілі мен әдебиеті” кафедрасының меңгерушісі;
- 10) “Бастауышта оқыту әдістемесі” кафедрасының меңгерушісі.

Факультет декандарының біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, ғылыми дәрежесі және кемінде 5 жыл білім беру ұйымдарында басшы қызметтегі немесе мамандығы бойынша еңбек өтілі, білім беру менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарының өткендігі туралы сертификатының (куәлігінің) болуы тиіс.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының “Білім туралы”, “Ғылым туралы”, “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы”, “Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы”, “Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы” заңдарын, жоғары білім беру жүйесін дамыту және іс-әрекет сұрақтарын реттеу басқа да нормативтік құқықтық актілерін; білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін; оқу жоспарларын дайындау тәртібін; оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін; кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін; студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі формалары мен әдістерін, экономика негіздерін, еңбек заңдарын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

Бос лауазымдарға арналған конкурсқа өтініштер (еркін нысанда) хабарландыру жарияланған күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей беріледі.

Конкурсқа қатысуға тілек білдірген адамдар, жоғары оқу орны басшысының атына өтініш жазады (ерікті нысанда). Өтінішке қоса мына құжаттарды тапсырады:

- 1) кадрларды есепке алу бойынша жеке парағы;
- 2) өмірбаян;
- 3) жоғары білімі мен академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың, ғылыми атағы туралы құжаттардың көшірмелері және салыстыру үшін түп-нұсқалары;

4) қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмесі (болған жағдайда) және салыстыру үшін түпнұсқалары;

5) ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (болған жағдайда);

6) № 086 нысанындағы медициналық анықтама, 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6697 тіркелген);

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауы туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;

8) профессор-оқытушы құрамының бос лауазымдарына орналасу үшін білім беру бағдарламасы бойынша жобаның немесе ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына орналасу үшін ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жобаның презентациясы (электрондық түрде, көлемі 10 слайдтан артық емес);

9) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №272 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №11304 тіркелген) (бұдан әрі – №272 бұйрық) бекітілген “Наркологиялық ұйымнан анықтама беру” мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының тіркеуде тұрмайтыны туралы наркологиялық ұйымның анықтамасы;

10) №272 бұйрықпен бекітілген “Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру” мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының тіркеуде тұрмайтыны туралы психоневрологиялық ұйымның анықтамасы.

Осы тармақта көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбау өтінішті қабылдаудан ерікті нысанда бас тартуға негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдар), сондай-ақ жұмыс тәжірибесін және біліктілігін растайтын құжаттар бере алады.

Мекен-жайымыз: Шымкент қ.,
Байтұрсынов көш. 13, 120 кабинет.
Телефон: 30-14-59 (кадр бөлімі).

ні ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде қалыптасты. Абайтанудың ғылым саласы, оқу пәні ретінде дамуының барлық кезеңдерінде осы университеттің ғылыми-ұстаздары ерен еңбек етті. Б.Кенжебаев, Т.Тәжібаев, Х.Беккожин, Т.Нұртазин, З.Қабдолов, Х.Сүйіншәлиев, Т.Кәкішев, Т.Қожақеев, Қ.Жарықбаев, А.Көбесов сияқты ұстаз-ғалымдар абайтану ғылымының М.Әуезовтен кейінгі дамуына зор үлес қосты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің әдебиеттанушы ұстаз-ғалымдары мен білім алушы жастары, жас ғалымдары абайтану ғылымының дербес ғылыми-ақпараттық базасын жасауды қолға алған болатын. Бүгінде абайтану ғылымы саласында ғалымдардың талай буынының тәжірибесіне, тарихи қалыптасқан мектептердің арнаулы ақпарат және білімдерінің көп терабайт көлеміне негізделген үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) дербес ғылыми-ақпараттық базаның негізі қаланды. База қазіргі шақта сынақ үстінде. Бастапқы нәтиже жақсы. База ТМД елдерінің ғылыми ұйымдары мен мекемелерінің 566 ғылыми-ақпараттық ресурстарының алғашқы ондығының қатарынан орын алады. Негізгі тұтынушылар – мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарында білім алушы жастар. Тұтынушылардың географиясы әртүрлі: алыстағы ауылдан бастап, бүкіл дүниежүзі елдерін қамтиды.

2015-2017 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының сайтында абайтану ғылымы бойынша жинақталған ресурстар толықтырылып, «Абайтану. Тандамалы еңбектер» көптомдығының 20 томы жарыққа шықты. Келесі 10 томы баспаға дайындалуда. Олар Абай институтының сайтында арнайы айдармен беріледі.

2015-2017 жылдар көлемінде «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» ғылыми жобасы аясында орындалуға

ғылымының дербес ғылыми-ақпараттық базасының негізін жасау болатын. «Абайтану. Тандамалы еңбектер» көптомдығын дайындау осы міндетті іс жүзіне асыру мақсатында қолға алынған.

«Абайтану. Тандамалы еңбектер» көптомдық басылымының бірінші томы Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» трактатымен ашылды. Басылымның Х-ХХ томдарында Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Қ.Жұмалиевтің, З.Ахметовтің, А.Нұрқатовтың, Қ.Мұхамедхановтың, Л.М.Әуезованың, Т.Әлімқұловтың, М.Мырзахметовтің, Р.Сыздықованың және басқа зерттеушілердің еңбектері берілген. Көптомдықтың тобында «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» жобасы бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері бірнеше том көлемінде жарық көрді. Оларды абайтану ғылымының бүгінгі жетістіктерінің айтарлықтай көрсеткіші деуге болады. Абайтану саласында қазақ ғалымдарының қазақ тілінде жазған еңбектерінің бірқатары жинақталды. Абайтанушылардың кейінгі буынындағы зерттеуші-ғалымдардың еңбектері осы басылымда жинақталады. Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы орыс тіліндегі еңбектердің қоры да аз емес. Бұл орайда жинақталған тандамалы еңбектер де 30-35 том шамасында. Шетел тілдерінде жазылған еңбектердің де өз орны бар. «Абайтану. Тандамалы еңбектер» көптомдық басылымы – еліміздің ұлттық рухани құндылықтарының дербес қоры. Ол ұдайы толықтырылады, байыттылады және қоғамның рухани жаңғыруына қызмет етеді.

Ләйла МҰСАЛЫ,
Пазылхан БИСЕНБАЕВ,
Бақытқожа БАЯЗИТОВ,
«Абайтану. Тандамалы еңбектер» көптомдығын баспаға дайындаушылар.